

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ **БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТ!
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

Археология және этнология ғылыми-зерттеу институты
Археология, этнология және музеология кафедрасы

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ НО ГРАТИЯЛЫҚ МҰРАСЫ БО'ЫНШ. МАТЕРИАЛДАР МЕН ЗЕРТТЕБЛЕІР

III шығарылым



Алматы 2013

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

Археология және этнология ғылыми-зерттеу институты
Археология, этнология және музеология кафедрасы

Научно-исследовательский институт археологии и этнологии
Кафедра археологии, этнологии и музеологии

Профессор Ә.Т. Төлеубаевтің 60 жылдығына арналған «Қазақтардың және
дейқазақтардың дәстүрлі мәдениеті (шығу тегі және жалғастық мәселелері)»
атты стендтік конференция және дөңгелек үстел материалдары

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МҰРАСЫ БОЙЫНША МАТЕРИАЛДАР МЕН ЗЕРТТЕУЛЕР

III шығарылым

Материалы стендовой конференции и круглого стола «Традиционная
культура казахов и протоказахов (вопросы генезиса и приемственности)»,
приуроченных к 60-летию профессора А.Т. Толеубаева

МАТЕРИАЛЫ И ИССЛЕДОВАНИЯ ПО ТРАДИЦИОННОМУ ЭТНОГРАФИЧЕСКОМУ НАСЛЕДИЮ КАЗАХОВ

Выпуск III

Алматы
«Қазақ университеті»
2013

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих,
археология және этнология факультетінің Ғылыми кеңесі шешімімен ұсынылған*

Ғылыми жинақ ҚР БЖҒМ Ғылым комитетінің ГҚ 0626
«Қазақ халқының дәстүрлі этнографиялық мұрасын жинау, жүйелі жонс
жариялау» атты ғылыми жобаның аясында даярланды

Редакция алқасы:

Ә. Т. Төлеубаев (жауапты редактор),
Р. С. Жұматаев

Қазақ халқының дәстүрлі этнографиялық мұрасы бойынша материалдар мен зерттеу.
Профессор Ә.Т. Төлеубасвтің 60 жылдығына арналған «Қазақтардың жонс дейказактардың дәсп
модениеті (шығу тегі және жалғастық мосслелсірі)» атты стөндтік конференция жонс дөнгслек үс
материалдары. III шығарылым / жауапты ред. Ә.Т. Төлеубаев. - Алматы: Қазақ университеті 2(
- 207 б.

ISBN 978-601-04-0247-8

Жинаққа казак халқының дәстүрлі мұрасына арналған зерттеулер енген. Материалдар жинағы этнох
тарға, тарихшыларға және қалың көпшілікке арналған.

3. Қазақ халқының дәстүрі мен әдет-ғұрыптары. А., 2005.
4. Мустафина Р.М. Представления, культы, обряды у казахов. А., 1992.
5. С.А. Токарев. Ранние формы религии. М., 1990.
6. Уолиханов Ш. Қазақстандағы шамандықтың қалдығы. Таңдамалы, 2-ші басылым. Алматы, 1985.
7. Талеубаев А.Т. Реликты до исламских верований в семейной обрядности казахов. А., 1991.
8. Вамбери А. Очерки Средней Азии. М., 1986.

М.Қ. Егізбасва, А.Қ.Бейссулов]

ТАРБАҒАТАЙ ӨңІРІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҚОСАЛҚЫ КӘСІПТЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ*

Аңшылық - бүкіл адамзат, соның ішінде көшпелі қазақ шаруашылығындағы ең көне кәсіп түрлерінің бірі. Тарбағатай өңірінің қазақтары аң аулаумен ертеден айналысты, өсіресе түлкі мен қарсақ аулаудан көп кіріс түсті. Аң терісі қазақтардың тек өз мұқтаждығына ғана жұмсалып қоймай, сонымен бірге едәуір мөлшерде сатуға да түсіп тұрған. Орыс комесгеріне өткізілетін тауарлардың арасында қасқыр, түлкі, қарсақ және басқа да аңдардың терілері болды [1, 64 б.].

Мәселен, 1852-1853 жылдары Ірбітке барған Г. Колмогоров: «Петропавлдық, ссмейлік, өскемендік және троицкілік көпестер 25 мыңнан 30 мыңға дейінгі түлкі, қасқыр терілерінөр теріні 3 сомнан 6 сомға дейінгі бағада, 50 мың қоянды әр жүз теріні 12 сомнан 15 сомға дейінгі бағада сатты», - дейді [2, 27 б.].

Бұдан аңшылықтың қазақ шаруашылығында алған орнының маңызы зор болғанын көреміз. Бұл өңірдің қазақтары негізінен қасқыр, түлкі, қоян, суыр, борсық, қарсақ, арқар, саршұнақ, күзен сияқты аңдарды аулаған. Суырдың майынан сабын жасап, ал терісін сатқай [3, 26 б.]. Аңшылыққа қолданылған басты қарулар: тас, таяқ, найза, садақ, тор, қақпан, тұзақ мылтық т.б. Аң аулаудың негізгі бір тәсілі ол-анды атпен қуып, ит жүгірту, аңға қақпап, тор күру. Аңшылықпен айналысатындарды аңшыдан басқа мылтықшы, қақпаншы, баспашы, күсшы деп атады [4, 26 б.].

Дерек берушілердің айтуы бойынша, негізгі аңға қосатын өте жүйрік итті «құмай тазін деп атайтын. Аңыз бойынша, құмай тазыны сары ала қаздың жұмыріқасыпан иәйідабо дейді. Сары ала қаздың өзі адамнан азып шыққан, ертеде адам болған, ол зиратқа ұя саі Аңшылар ешқашан сарыала қазды атпайды, оған әйел адамға сияқты айлығы келеді екен(І),

Сондай-ақ аңшылар аққу сияқты киелі аң-құсты, бір жерден екінші жерге қойыс аударіІ бара жатқан аңдарды, ұйықтап жатқан аңды, шағылыстағы аңды, буаз аңды ешқапш атпайды. «Иттің де иесі бар, қасқырдың да киесі бар» деген мақал осыған байланысты шыкса керек (ІІ).

Шілікті (Зайсан) өңірінде өмір сүрген Қалибай деген аңшы ақсақал ешуақыпа иішін көзінше түлкісін ешкімге бермеген, тек иті жоқта ғана берген. Себебі, «ит иесі үшш аулайды» деген мақал бар (ІІІ).

Ең алғаш атқан аңның қанына мылтықтың ауызын қандайды. Бұл аңшылық жақсы жүрүі үшін жасалатын ырым. Ең алғаш атып алынған аңды ешкімге бермейді (ІV).

«Басын аңшылықтан бастап байып кеткендер әр жерде кезігеді. Соның бірі Кокиелі , өзенінен өтіп Қалба өзенін жайлайтын Жанан ұлы Бұланның доулеті аса жүйрік. көзіне көрінгенді жібермейтін Құмай атты қызыл тазысы алған түлкідеп құралыпты. Аңнан іу малды саудаға сап, сол арқылы ақырында керемет байыған. Саудасыи Сыбан р шыққан Жұрынбайұлы Қуаныш деген жас жігітке басқартқан. Оған Ханыша деген

рген. Қуаныш өзі де байып, қажыта да барған», - дейді Семейде тұратын Бұланнның ұрпағы жастағы Молдаханов Сайлау (V).

Бұланнның жылқысының көптігі сонша Көкпекті өзеніне түскенде, аяғындағы ол су ала [май қалады екен деп аңыз қалады осы күнге дейін ауыл адамдары.

Қызылкесік ауылында тұратын 65 жастағы Нұрғазин Ғазез бен 73 жастағы Хасенов сқарғалидың (VI, VII) айтуы бойынша 1920 жылдары руы қыржы Саянұлы Шөшекбай цсақалдың Көк итінің даңқы шықты. Қияк бітімді арлан кок тазы көзіне көрінген түлкіні іберген емес, қасқыр да алған. Көк иттің даңқын естіген алыс-жақын жерлерден, тіпті ытайдан (Шәуешектен) сат деп, қолқа салып келгендер де көп болыпты. Бір жылы таудағы ррғыба жақтың бір топ аңшылары сәлем айтып, «бір түлкі қыс бойы бірде-бір итімізге лдырмайды. Түнде кеп бір қараған шұбарға түнейді. Сол түлкіге көк ит қана жетуі мүмкін елсін»,- депті. Шөшекбай барған соң аңшылар алакеуімде жиылып, түлкі түнейтін дағдылы ;ерге келеді. Қараған шұбардың ішінен қаша жөнелген түлкіні көк ит көп ұзатпай қуып іп бір-ақ басыпты.

Зайсанға таяу Шорғада Сарымбай ұлы Жігітек өзі әнші, ақын, сері жігіт болған. Қыран кіт, қаршыға, жүйрік тазы ұстап аңшылықпен де, саятшылықпен де шұғылданыпты. гітектің туған қызы, Өскеменнен 14 шақырым жерде Горняк ауылында тұратын 64 стағы Кәметайдың (VIII) айтуы бойынша, ол кісінің, Аққус атты иті жылына 70-80 нен м түлкі апмаған, аңсырағанда өз бетімен кетіп, түлкіні өлтіріп тастап келіп отырады екен. үс үйіне жетпей (жасқа толмай) арқар алыпты. Бір күні Жігітек мылтық алып құс атпак ilyn шығады. Сайда бір арқардың ешкісін көріпті де, арқарды бір кезеңнен аса бере, қуып еткен Аққус бір тірсегінен ала түседі де бірге асып кетеді. Шауып шыға келсе, еркін жетіп ан ит тауды бөктерлетіп жарысып барады, өрлеу жер келсе, бағана таудан асарда алған ітадан алып сүйретіп жатып алады да, орден шыққан соң келесі өрге шейін жарысып, ге қарай әлгіні тағы қайталайды. Үздіксіз осыны қайталаған соң 3-4 шақырымнан кейін кардың бір аяғы мүлдем салбырап қалады. Тағы да бір өрде бір үлкен тастың аттай берген арқардың жаралы аяғынан алып екі аяғын тасқа тіреп тартқанда, арқар тырп ете алмай Ықылдап тұрып қапты. Әкем аттан түсе сап, арқарды түрегеп тұрған беті бауыздапты. емнен естіген ел күшік иттің ақылды айлалығына таң қалыпты" - дейді Кәметей ігітекқызы.

Аң аулаудың тағы бір түрі - аңға құс салу. Бұл аймақта аңға бүркіт, қаршыға, сұңқар кты құстарды салды. Кезінде бұл құстардың бағасы да жоғары болған. Мысалы, уіреіі.пеп бүркітке 200-300 рубль ақша төлесе, ал сұңқар, лашын үшін 100-150 рубль то.ісііііі [5,46 б.] немесе жаксы бүркіт 5-6 түйенің құнына тұратын болған екен [6, 21 б.].

Дерек бсрушілердің айтуы бойынша, бүркітті ұстау үшін бұрын қытай жақтан әкелінген шс жарық жанатын шам болған екен. Сол шамды бүркітке тура түсіргенде қатты жарықтан бүркіттің козі кормей қалады екен. Сол кезде ақ боз аттың қылынан жасалған, аппақ жіңішке іқанды бүркітке тастап ұстайды. Ақ арқан да жарықпен бірге шағылысып бүркітке іөрінбейді екен (IX, X).

Бүркітті ұстаудың тағы бір түрі -тор құру. Төрт жағынан тартылған тордың ортасына қои исмесе құс салынып қойылады. Оған түскен бүркіт торға оралып қалады [3, 26 б.].

Тарбағатай елінде Тінейдің Сарықұсы туралы аңыз бар. Ойшілік ауылында тұратын Нұрш ұлы Кенесжан (XI) былай дейді: Тінейдің Сарықұсы аң атаулыдан дым қоймаса керек Әбдеп аңсыраған Сарықұс аспанға көтерілгенде көзіне түк көрінбеген соң, айналып

Гиейдің озіне түсіпті. «Ит иесі үшін, бүркіт тамағы үшін» деген мақал осындайдан шықса керек. Ойшілік ауылының батысқа қарай бір шақырымдай жердегі төбенің үстіндегі жалғыз ескі зиратты жергілікті гүрғындар сол аңыздағы Тінейдің зираты дейтін көрінеді. Тіпті Тіесіі мсн оның Сарықұсы туралы Жетісу қазақтарына белгілі болған, олардың ірасығам «Тінейдегі қасиет ұялас екен Сарықұспен, Шорадағы қасиет тілдес екен бар Құспен» дегені мақалды жиі естуге болады [8, 86 б.]. Бұдан көретініміз бұл өңірдің Шақтарының арасында аңшылық кеңінен тараған қосалқы кәсіп түрі болған.

айналысқысы келсе, сол жерде айналысуға құқығы бар». Бір сөзбен айтқанда, дала ортақ жер болғандықтан, ондағы андар мен құстар да ортақ" - дейді [13, 147-148 бб.].

Дерек берушілер осы өңірде аңшылықтың да ежелден келе жатқан кәсіп екенін айтты. Ұржар ауданындағы Көкталда Тумадан тараған Арынғазы деген мерген кісі болған, тазы ұстап, аңшылықпен айналысқан. Тарбағатай тауындағы қасқыр, түлкіні көп аулаған. Мекенші жерінде белгілі Ахмер деген аңшы болған. Құмай тазылармен талай андарды ұстаған (XXX).

Ахмер аңшы туралы оның баласы: «Әкем Ахмер Ахметбекұлы керемет аңшы болған. Серілік құрып, аңшылыққа шығып, салт аптпен түлкі аулаған. Анам таңғы сағат төрте тұрып әкемді аңға шығуға дайындайтын. Осы жердегі ең жүйрік ат сол кісінікі болды, атын бәйгеге қосатын. Аңшылықты жас кезінен кәсіп қылған. Бірнеше ат арбалары болған, саудамен айналысқан. Аягөзбен Мақаншы аудандарының ортасында екі аралықта темір-тесек апарып, ол жақтан тәтті, қант-шай алып келеді екен. Жылқыда маңқа деген ауру болады. Сол ауруларды да емдейтін (XII)».

Ол кісі аңшылыққа шыққанда анды қазақтың дәстүрлі тазыларымен, қақпан құрып, мылтықпен және сойылмен ұрып алатын. Қақпан құрғанда міндетті түрде қасқыр, түлкі түсетін кейде мылтықпен атып ұстайтын. Мылтықтың оғын дайындайтын, андардың терісін бүлдірмей аяғын ғана жаракаттайтын. Астындағы жүйрік атымен сойылмен ұрып, бір күнде бес қасықырға дейін соғып алатын. Тазыларына өте ұқыпты қарады, тазылары бұрынғы құмай тазылар. Ахмер аңшының тазыларын басқа аудандарға да сұрап алып жүрді.

Бұрын ертеректе Үшар деген тазысы болды. Жүні қара тықыр, екі құлағы шашақты жібектей, бойшаң еді. Аңға кейде аңшының өзі шықпаса, тазының өзі шығып кететін. Бір күні иттің өзі барып түлкі алып келе жатқан жерінен біреу атып жіберіпті, содан әкем қатты ызаланып ренжіген еді. Үйге келіп тазысы екеуі бір-бірімен қоштасып жылап, иті ұлыған болатын. Қазір осы ауданның аңға шығатын иттерінің бәрі тіркеуде тұрады.

Иттің бір жақсы жерлері иелеріне өте адал болып келеді. Тағы бір «Сарықұс» деген сары тазысы болды. Тегі таза, Элба деген тазысы болды. Аяғы бұйра жүнді, өте сұлу еді, екі құлағы ұзын салбырап тұратын. Оны бір орыстың офицері тарту еткен. Өте шапшаң еді. Санынан тартып Эльба екеуі бірге Сілеусін ұстаған, бірақ өлтіруге болмайтын аң болғандықтан жаралы күйінде тастап кеткен.

Аңшылыққа қансонарда таңғы бестерде шығады, ауылдың аңшылықпен шұғылданатын басқа да жігіттер қосылады, атты ерттеп жатқанда, өкемнің кететін біліп сары итте шығады, жүпі гақыр, сосын ит өзін-өзі дайындайды, ары-бері жүгіреді, қардың астына кіріп, секіріп денесін қыздырады. Оған майсыз ашты күртты езіп береді. Шикі тамақ берген емес, әрқашанда итке арнап тамақ пісіріледі. Қара көжеге дайындап күрт қосады. Итке майлы тамақ бермейтін. «Иттің ішіне сары май жақпайды» деген содан қалған шығар. Содан кешкі сағат төрт-бес шамасында 4 шақырым бұрын иті көрініп, үйге иті бұрын келеді. Иттің аяғына мұз қатып қалады, соны жалап мұзын ерітеді, үйге кіреді. Енді бір қызығы тазымыз қасқыр ауласа, үйге кіре сала жылы пештің артына барып жататын, ал түлкі т.б. анды алса, үйге кіріп бұрышқа барып жатады. Содан әкеміздің не ұстаған білетінбіз. Итті қоянға салмайды «жол болмайды» деп. Қақпан құрып күзен ұстайтын. Сасық күзен көктемде иіс шығарады. Ит соның иісін сезіп түмсығын жоғары көтеріп жатып алады. Иттер өте иісшіл болады, қасқырдың, түлкінің іздерін қайда кетіп бара жатқанын иіскеп, сезіп артына түседі. Оны иті болмаса, аңшы білмейді. Әкеміз қасқыр қуғанды жақсы көруші еді. Сойылмен ұрарда аттардың да аңшылыққа жарайтыны болады. Себебі, қасқырға жақындағанда ат қасқырдан қорқып жақындамайды екен. Ал мылтықты көздеп атпайтын, шауып келе жатып қолын кеудесіне таман апарып қатарластырып ата беретін. Шабатын, қаргитын аттар да болу керек. Қачақтарда қасқырлардың көбеюін «қыналай» дейді. Әкем 75 жасқа келгенде қайтыс болды, сол уақытқа дейін аңшылықпен айналысты. Бесатар мылтығымен таудан аюды да ұстаған. Тарбағатайда аю, сілеусін аулаған. Бірақ елікті атпайтын. Ол кісі ешқашан ас қып жейтін айдарды ауламайтын. Тек қана жыртқыштарды ғана ұстаған. Эльба тазысы әбден қартайып өлді. Қартайғанда аңның артына түсе алмады, үйде қалатын. Бірақ қыстың суығында ауыл

маңайында борсық аулайтын. Біз жақта қыс өте суық, сондықтан борсықтың терісін ұқыпты етіп апып, терісін кептіріп, ішіндегі майын шығғырып қояды. Борсық майының күлімсі иісі болады, алайда көп ауруға бірден-бір ем. Әсіресе, жөтелге өте жақсы ем. Ауылдағы ер адамдарға көбінесе иленген түлкі терісінен тымақ тігетін. Түлкінің пұшпағын жинап, жас балаларға ішік тігетін.

Сонымен аңшылықтың Тарбағатай өңірі қазақтары үшін көңіл көтерумен қатар бірнеше пайдалы жақтары болды: біріншіден, осы кәсіп арқылы қазақтар ет және теріні алды; екіншіден, малға зиян келтіретін жыртқыш андардың көзін жойса; үшіншіден, аңшылық арқылы келген аң терілері, орыс-қазақ саудасының бас кезінен-ақ, сауда саттық тауарына айналды. Сондықтан да аңшылық негізгі қосалқы кәсіптің біріне жатады.

Балық аулаумен бұл өңірде тек өзен, көл жағалауларында қоныстанған қазақтар айналысты. Дереккөздерінің хабарлауынша, XIX-XX ғ. басында балық аулау әсіресе, Зайсан, Қыран, Марқакөл, Ертіс өзендерінің бойында жүргізілді. Аталмыш кезеңде, балық аулау көсібі әлі де болса қосалқы кәсіп болып қала берді. Сол кезеңге жататын балық аулауға байланысты деректер өте аз. Кейбір авторлардың пікірінше, балық аулаумен айналысудың негізгі себебі, жұт пен барымтаның салдарынан қазақтардың кей бөліктерінің кедейленуі еді.

Қазақтар балық аулаудың қарапайым түрлерін қолданды. Олар ілгекті бақан, шанышқы, сере, кәдімгі таяқтар, ілгектерді пайдаланды. Г.Колмогоров өз еңбегінде: «Сібір ведомствосына қарайтын Қазақстан өзендеріндегі балықтың мол болғанына қарамастан, қырғыздар (қазақтар-М.Е.) балық аулаумен айналыспайды»-деп жазған [2, 8-9 бб.]. Ал осы аймақта болған Г.Е. Грумм-Гржимайло Ертіс, Қыран өзендерінің бойында отырған абақкерейлердің балық аулаумен айналысып, оны тамаққа да пайдаланатынын айтады. Олар балық аулау тәсілі мен құралдарын орыстардан алды. Қыстың күні ірі балықтарды аулады. Балық аулау үшін өзеннің ортасына ойық жасап, ойықтың түбіне дейін жас талдарды салып, сол арқылы су ағысын тежеу арқылы иірім жасайды да сол иірімнің тұсынан тар өткел жасайды, ал жеңіл найзамен қаруланған балықшы сол тар өткелдің тұсында тұрады [14, 438 б.]. 1910 жылғы архив деректеріне сүйенсек, Зайсан уезінде 1343 пұт балық ауланып, 2448 сомға сатылған. Ал Өскемен уезінде 570 пұт балық ауланып, 900 сом ақшаға сатылған. Барлығы осы екі уезде 1913 пұт балық ауланып, 3348 сомға сатылған [8, 3-70 бб.]. Бұдан көретініміз, Зайсан уезінде балық көбірек ауланған және балықты саудаға да пайдаланған. Ертіс, Зайсан, Қыран, Марқакөл бойындағы қазақтар тағамға балықты пайдаланды. Олар балықты қамырға салып пісіруді үйреніп, оны «бәліш» деп атады. Мысалы аңыз бойынша, Зайсан бойында тұрған бір қыз басқа жаққа тұрмысқа шыққанда: «Бекіре, күртқаның етін жемеген қайран басым, қой сасықтың етін жедім-ау»- деген екен.

Сонымен қатар, кезінде Тарбағатай өңіріне жататын Үржар ауданындағы Алакөл маңайында балық шаруашылығы да қарқынды дамыды. Ол кездегі ұсталатын балықтық дені қара балық. Дүние жүзінде қара балықтың мекені 3-ақ жерде кездесе, сол мекеннің бірі - Алакөл. Алакөлден қара балық ұрық шашар кезде өзендерінің ағысына қарсы өрлеп кетеді. Негізінен Еміл өзені, қатын су қара балықтың нағыз мекені болып табылатын (XVI).

Ертеректе көлден ұсталатын балықты үлестіргенде өздеріне бір күндік ас қалады екен. Балықтың сүйегі тамаққа кетіп қалмасын деп, кеудесін балаларға береді, үй иелеріне бір-бір күйрық қана үлес тиеді. Қарабалықты сазандай қуырмайды. Көбіне қайнатып асып жейді, себебі өте майлы, есесіне сорпасы дәмді болады. Сонымен қатар, көп ауруларды емдеуге, адам ағзасының иммунитетін күшейтін пайдасы бар. Кішкене нәресетелер ауырғанда осы қара балықтың майын кіндіктің маңайына көк қағазға жағып, тартып тастайтын. Сонымен қатар, қарабалықтың терісін сыпырып алып, жылаған балаға, кейде үлкен кісілер ауырған тізелеріне тартатын. Сонымен қатар, қарабалықтың майын ішкен адам қолқа, асқазан, ішек ауруларынан құлан таза айығып кетеді. Қарабалық табиғатынан ұрық шашарда судың ағысымен өрлейді. Еміл, Үржарға Қатын су өзендері арқылы өрлейді. Сол кездерде осы аудандың барлық жұртын асырған осы қара балық. Балықты ау салып, қармақпен аулайтын.

Қорытындылай келе бұл өңірде балық аулау негізгі кәсіп болмаған. Бұл кәсіппен негізінен малынан айырылған халықтың кедей бөлігі айналысқан.

1. Бекмаханов Е. Қазақстан ХІХ ғ. 20-40 жылдарында. - Алматы: Сапат, 1994. - 416 б.
2. Колмогоров Г. О промышленности и торговле в киргизских степях Сибирского ведомостей // Записки ИРГО. - СПб., 1895. - Т.3. - С. 20-27.
3. Руденко СИ. Очерк быта северо-восточных казаков // Казаки: Сборник статей. - Л., 1930. - Вып. С. 1-62.
4. Фиельструп Ф.А. Молочные продукты питания турков-кочевников // Казаки: Сборник статей. 1930. - Вып. XV. -С.71-85.
5. Потанин Г. О рукописи капитана Андреева о средней киргизской орде, писанный 177. Географические известия. - СПб., 1875. - Т.1. - С. 45-47.
6. Подворков А. Пароды России. Образ жизни, праздники и обряды.- СПб, 1894. - 233 с.
7. Байгабатова Н.К. Казахи Жетысу во второй половине ХІХ-начале ХХ вв. (историко-этнографическое исследование): Дис. канд. ист. наук. - Алматы, 2004. - 164 с.
8. ҚР ОММ. 460-қор, І-тізбе, 10-іс, 25 п.
9. ҚР ОММ. 4-қор, І-тізбе, 2380-іс, 32-41 пп.
10. Карлов В.В. Эвенки вХVІU-нач. ХХе. - М.: Изд-во МГУ, 1982. - 160 с.
11. Токарев С.А. Докапиталистические пережитки в Ойротии. - М.-Л.: ОГИЗ Соцэкгиз, 1936. - 155 с.
12. Кон Ф. Предварительный отчет по экспедиции в Урянхайскую землю // Известия Во Сибирского отдела ИРГО. - 1903. -№1. - С. 56-64.
13. Материалы по казахскому обычному праву. - Алматы: Жеті жарғы, 1996. - 208 с.
14. Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. -Л., 1926. - Т. 3. - 895 с.

ДЕРЕК БЕРУШІЛЕР:

- І. Бөкебаев Оралбек. ШҚО. Зайсан ауданы, Теректі ауылы, 1945 ж.т., руы -кожан.
- ІІ. Қанапиянов Төлеубек. ШҚО. Зайсан ауданы, Шілікті ауылы, 1953 ж.т., руы - төртуыл.
- ІІІ. Үмітбаев Мұқатай. ШҚО. Зайсан ауданы, Шілікті ауылы, 1925 ж.т., руы-бұрымбет.
- ІV. Зағибаева Шолпан. ШҚО. Зайсан ауданы, Жалши ауылы, 1950 ж.т., руы -төртуыл.
- V. Молдаханов Сайлау. ШҚО. Тарбағатай ауданы, Қызыл-Кесік ауылы, 1936 ж.т., руы - мырзас.
- VI. Нұрғазин Ғазез. ШҚО. Тарбағатай ауданы, Ақсуат ауылы, 1941 ж.т., руы -мырзас.
- VII. Хасенов Асқарғали. ШҚО. Тарбағатай ауданы, Қызыл-кесік ауылы, 1932 ж.т., руы - мырзас.
- VIII. Кометей Жігітекқызы ШҚО. Тарбағатай ауданы, Ақсуат ауылы, 1949 ж.т., руы -мырзас.
- IX. Кекілікова Мағфуза. ШҚО. Зайсан ауданы, Жалши ауылы, 1926 ж.т., руы -кожан.
- X. Аңқабаев Собет. ШҚО. Зайсан ауданы, Жалши ауылы, 1917 ж.т., руы - саты.
- XI. Нұрышев Кенесжан. ШҚО. Тарбағатай ауданы, Ақмектен ауылы, 1924 ж.т., руы - мырзас.
- XII. Ережепова Пәрзэнә. ШҚО. Зайсан ауданы, Жалши ауылы, 1921 ж.т., руы - есенгелді.
- XIII. Бокірулы Ерсайын. ШҚО. Үржар ауданы, Мақаншы ауылы. 1939 ж.т., руы - арғын.
- XIV. Ахметбеков Әмірғазы Ахмерұлы. ШҚО. Үржар ауданы, Мақаншы ауылы. 1950 ж.т., руы - мұрын.
- XV. Базарова Күлпон. ШҚО. Үржар ауданы, Мақаншы ауылы. 1941 ж.т., руы - байғана.
- XVI. Жанакөв Бауыржан. ШҚО. Үржар ауданы, Мақаншы ауылы. 1948 ж.т., руы - бұра.

Г. Ксіншт "

СЫР Өңірінде Әулиелер институтының қалыптасуы

(Ислам дінінде ахундардың алатын орны)

Бүгінгі күні «әулие» ұғымын жаңаша көзқараста қарастырудың бірнеше себептері бар. Біріншіден, кенес дәуірі кезеңінде өз тарихымыз бен мәдениетіміздің құнды дерсктері яғни ауызша деректер ғылыми айналымға дер уақытында іспсуі себепіне ғылым зергі мен көпшілікке арналған оқулықтарда жансақ пікірлер пайда болды.

Екіншіден, қоғамымызда кездесетін түрлі кедергілерге байланысты әулис меселсі ислам дінімен бірге ғана зерттеліп, арнайы зерттеу объектісі ретінде қаралмады.

Әулие - ислам діні келгенге дейін ата-бабаға табыну, оның арғы жағы Тоңірі, Үмайі. Жор-Судан бастау алса да, қазақтардың өміріне ислам дінінің дендси еуіне сүйіс мұсылманшылық сипатқа ие бола бастады. Бұл жөнінде ғалым-этног